

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің «6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша

философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған

Куркимбаева Айжан Муратовнаның

«Туристік блогинг: коммуникативтік стратегиялар мен тактикалар (ағылшын және қазақ тілдері материалдары негізінде)» атты ғылыми диссертациясына отандық ғылыми жетекші, филология ғылымдарының

докторы, профессор Ахатова Багила Абильможиновнаның

ПІКІРІ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі бұқаралық коммуникация жүйесінің өзгеруіне себеп болған Интернет-технологиялардың қарқынды дамуымен байланысты.

Бүгінгі таңда туризм индустріясы - бұл әлемдік экономиканың қарқынды дамып келе жатқан коммерциялық секторы. Туризм халықаралық сауда сегментіне айналғандықтан, туризм коммуникациясы бұқаралық сипатқа ие болды. Туризм секторының дамуы туристік блогтарды арнайы сөйлеу әрекеті ретінде зерттеуге бағытталған лингвистикалық зерттеулердің пайда болуына себеп болды. Күрделі ақпараттық әсер ету жүйесінде туризм дискурсы ерекше орын алғанынан, тақырыптың өзектілігі күмән тудырмайды.

А.М. Куркимбаеваның диссертациялық зерттеуі ағылшын және қазақ тілдері материалдары негізінде туристік блог-дискурста қолданылатын коммуникативтік стратегиялар мен тактикаларға арналған тақырып аясында орындалды.

А.М. Куркимбаеваның диссертациясы бастапқы қойылған мақсатқа сәйкес орындалды, зерттеу міндеттеріне сәйкес келеді. Ғылыми нәтижелер мәлімделген зерттеу мақсатын шешуге қызмет етеді.

Диссертацияда ұсынылған барлық тұжырымдар мен қорытынды дәлелді және сенімді: олар жеткілікті мысалдармен расталған, жүргізілген талдау сенімді әдістемелік негізге ие, тілдік материал мұқият құрылымдалған және жүйеленген.

Докторант туристік блог-дискурстың гибридті дискурс ретінде қалыптасуы мақсатты аудиторияға байланысты оның коммуникативті стратегиялары мен тактикаларын жан-жақты талдауды жүзеге асырды. Зерттеу барысында алынған негізгі нәтижелер ағылшын және қазақ тіліндегі туристік блог-дискурстың табигатын одан әрі зерттеуге ықпал етеді.

Автор ағылшын және қазақ тілді блогтар материалдары негізінде туристік тақырыптағы медиа мәтіндерде қажетті перлокативті әсерді жасауға қатысатын әртүрлі тілдік құралдарды жан-жақты зерттеді. Таңдалған зерттеу материалы, әрине, сұранысқа ие, заманауи және зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді. Жұмыста қарастырылған міндеттер сөзсіз өзекті болып табылады, олардың құрамына: дискурс, туристік дискурс, блог-дискурс, блогинг сияқты негізгі ұғымдарды қарастыратын филология ғылымындағы дереккөздердің теориялық талдауы кіреді.

Жұмыстың жаңалығы ғылыми қоғамдастыққа алғаш рет ағылшын және қазақ тілді блогтар материалында қарастырылатын туристік блогингтің коммуникативтік стратегиялары мен тактикаларын талдауға арналған жалпылама және кешенді сипаттағы еңбектің ұсынылғандығында. Ізденуші когнитивті, лингвистикалық, дискурсивті зерттеулер кезінде автор жинаған жаңа материалды таныстырады

Куркимбаева Айжан Муратовнаң диссертациялық зерттеуінің теориялық және практикалық маңыздылығы оның дискурс теориясына белгілі бір үлес қосатындығында, сонымен қатар интернет-коммуникация жанрларының, атап айтқанда туристік блогинг мәселелерін одан әрі дамытуға ықпал етеді. Зерттеу материалын лингвистикалық прагматика, лингвомәдениеттану, медиа-дискурс бойынша оқу курстарының бағдарламаларын жасау кезінде қолдануға болады.

А.М. Куркимбаеваның зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы туристік блогтың адресатына әсер ететін тілдік құралдарды анықтауға мүмкіндік беретін лингвистикалық, стилистикалық, дискурсивті, прагматикалық талдау әдістерін біріктіретін лингвопрагматикалық көзқарас тұрғысынан туристік блог-дискурсы алғаш рет зерттегендігінде. Сондай-ақ туристік блог-дискурстың қатысуышылары ретінде ағылшын және қазақ тілді аудиторияның сөйлеу әрекетінің лингвомәдени ерекшелігі анықталды.

Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

А.М. Куркимбаева зерттеу жұмысының негізгі мазмұны жөнінде ҚР Білім және ғылым саласындағы Жоғары аттестаттау комитеті бекіткен ғылыми журналдар мен шетелдік басылымдарда мақалалар жариялад, баяндамалар жасаған. Зерттеушінің екі мақаласы Scopus базасына енетін бірінші квартилді шетелдік басылымдарда жарияланды. Оның біреуі отандық ғылыми кеңесшісімен бірлесе зерттеу нәтижесінде жарық көрді. Зерттеушінің 2 мақаласы РИНЦ және ResearchGate дерекқорына кірді. Жалпы саны – 18 еңбек. Диссертацияның негізгі тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануы жеткілікті.

Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған диссертация дербес, аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады, жаңа ғылыми жаңалығы мен тұжырымдамалар жиынтығынан тұрады, қазақстандық лингвистиканың дамуы үшін маңызды, диссертацияларға ұсынылған «Ғылыми дәрежелерді беру ережелерінің» талаптарына сай келеді.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, Куркимбаева Айжан Муратовнаң «Туристік блогинг: коммуникативтік стратегиялар мен тактикалар (ағылшын және қазақ тілдері материалдары негізінде)» атты ғылыми диссертациясы «6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ғылыми жетекші,
Абылай хан атындағы
ҚазХҚЖӘТУ-нің
ф.ғ.д., профессор



Б.А. Ахатова